

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Алматы қаржы құралдарының
биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің
шешімімен

(1997 жылдың 15 тамызындағы
№ 2 хаттама)

Б е к і т і л д і

1997 жылдың 01 қыркүйегінен бастап

Қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ валюталық
нарық жөніндегі Биржалық кеңес
Комитетінің шешімімен

Қ а й т а б е к і т і л д і

(1999 жылдың 01 сәуіріндегі № 1 хаттама)

Шетел валюталарының сауда-саттығында мәмілелер жасасу ЕРЕЖЕЛЕРІ (ДИЛЕР КОДЕКСІ)

Алматы қ.

1997

ТУЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ валюталық нарық жөніндегі Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (1999 жылдың 29 қарашасындағы № 11 хаттама);
- 1999 жылдың 30 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1 (з) хаттамасы) биржаның барлық ішкі құжаттарында "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы "Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

3. № 2 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылдың 29 маусымында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 28 мамырындағы отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2012 жылдың 02 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы құжатта қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

"Биржа" – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (KASE) *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

"Биржа мүшесі" – жарғысы және ішкі құжаттарына сәйкес Биржа мүшесі болып табылатын, ұйым;

"Сауда-саттық қатысушысы" – Биржа өткізетін сауда-саттыққа өз атынан қатысатын, соның ішінде биржа мүшесі болып табылмайтын, ұйым;

"Биржа трейдері" немесе **"трейдер"** – Биржа мүшесі атынан, Биржаның сауда-саттық жүйесін пайдалана отырып, мәмілелер жасасуға және өзге де әрекеттер жасауға өкілденген, жеке тұлға *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ережелер Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысты трейдерлердің бір-біріне және сауда-саттық қатысушыларына деген қарым-қатынасына байланысты іс-әрекеттеріне шектеулерді орнатады.
2. Осы Ережелердің нормалары міндетті түрде орындалу сипатына ие.
3. Осы құжаттағы нормаларды сақтайтын кез келген трейдер өзге трейдерлерден бұл нормалардың сақталуын күтуге және талап етуге құқылы.

II бөлім. МӘМІЛЕ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

1. Трейдерлердің Биржада мәміле жасасу және Биржа өткізетін сауда-саттықта трейдерлердің қатысуымен байланысты өзге де әрекеттерді орындау тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.
2. Қандай да бір әрекетті орындау тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында белгіленбеген болса, трейдер бұл әрекетті осы Ережелерге немесе Биржада жалпы қабылданған тәжірибеге сәйкес орындайды немесе орындамайды.
3. Қандай да бір әрекетке қатысты осы Ереже нормаларының немесе Биржада жалпы қабылданған тәжірибенің қолданылуы мүмкін болмаған жағдайда, өзге трейдерлерге қатысты адал бәсекелестік пен сауда-саттық қатысушыларының мүдделерін құрметтеу принциптерін ескере отырып, трейдер бұл әрекетті өз қарауынша орындайды немесе орындамайды.

III бөлім. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ӘРЕКЕТТЕР

1. Трейдерлердің өзге трейдерлерге олардың нарықтағы әрекетін өзгерту мақсатында тікелей немесе жанама түрде қысым жасауына тыйым салынады.
2. Трейдерлерге айла-шарғылық мәміле жасауға тыйым салынады, айла-шарғылық мәмілелер дегеніміз:
 - сауда-саттықтың бағалық көрсеткіштерін арттыру (төмендету) мақсатын көздеген және қарсылама бағытты ұстанған, екі және одан да көп трейдер немесе трейдерлер ұсынған сауда-саттық қатысушыларының арасындағы шамамен бірдей сомаға және шамамен тең бағаға алдын ала жасалған келісім бойынша жасалған, әдетте орындалуы қарастырылмайтын, мәмілелер.
 - сауда-саттықтың бағалық көрсеткіштерін арттыру (төмендету) мақсатын көздеген екі және одан да көп трейдер немесе трейдерлер ұсынған сауда-саттық қатысушыларының арасындағы нарықтық конъюктурадан айқын ауытқитын бағаға алдын ала жасалған келісім бойынша жасалған мәмілелер.

Мәмілені айла-шарғылық санатқа жатқызу оны жасасу мақсатымен анықталады.

3. Биржа өткізетін сауда-саттықтағы қалыптасқан нарықтық жағдайға қысым жасау мақсатында трейдерлерге көрінеу жалған ақпаратты таратуға тыйым салынады.

III-І бөлім. МӘМІЛЕНІ АЙЛА-ШАРҒЫЛЫҚ ДЕП ТАНУ

(Осы бөлім валюталық нарық жөніндегі Биржалық кеңестің 1999 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен енгізілген).

1. Айла-шарғыны жүзеге асыру мақсатында жасалған мәміле (мәмілелер сериясы) деп бағамы осы мәмілеге дейінгі (мәмілелер сериясы) және осы мәміледен (мәмілелер сериясы) кейінгі мәміле бағамынан 1% пайыз және одан жоғары шамаға өзгерген сауда сессиясы кезіндегі сауда-саттықтың екі қатысушысы арасында (мәмілелер сериясы жағдайында – төрт және одан аз банк арасында) жасалған мәміле танылады. Мұндай мәміле (мәмілелер сериясы) бірінші мәміле болып тіркелсе, бағам тек сауда жүйесінде тіркелген келесі мәмілемен салыстырылады, ал мұндай мәміле осы сауда сессиясы кезінде соңғы болып жасалса, бағам тек алдыңғы мәмілемен салыстырылады.
2. Құрамына Биржа Президенті, маклер, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өкілі кіретін арнайы комиссия мәмілені айла-шарғы мақсатында жасалған мәміле деп таниды.
3. Мәмілені айла-шарғылық деп тану мәселесін қарастыруды шетел валютасының сауда-саттығына қатысушылары өкілінің өтініші немесе Биржа Басқармасының бастамасы бойынша арнайы комиссия жүзеге асырады.
4. Мәмілені айла-шарғылық деп танудың салдары:
 - 1) мәміле айла-шарғылық деп танылғанда, комиссия сауда-саттықтың барлық мүшелеріне бұл деректі хабарлайды;
 - 2) айла-шарғылық деп танылған мәмілелер биржалық сауда-саттықтың орташа сараланған бағамының есептесуінен алынып тасталады, биржалық сауда-саттық нәтижелері айла-шарғылық мәмілелерді есепке алусыз жарияланады;
 - 3) айла-шарғылық деп танылған мәмілелерді бұзуға болмайды, жасалған мәмілелер бойынша күн сайынғы клирингті жүргізу кезінде олар бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер есепке алынады;
 - 4) айла-шарғылық деп танылған мәмілелерді жасау дерегі Биржалық кеңесте немесе тиісті комитетте қарастырылады.

IV бөлім. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

1. Трейдер Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес құпиялылық санатына жатқызылған немесе трейдерге жеткізу кезінде құпия болып жарияланған ақпаратты үшінші жақтарға таратудан және/немесе жеткізуден тартынуы тиіс.
2. Трейдер өзі ұсынған сауда-саттық қатысушысына қатысы жоқ, алайда сауда-саттықтың өзге де қатысушыларының қызметтік немесе коммерциялық құпиясының мәні болып табылатын ақпаратты алудан тартынуы тиіс.

Мұндай ақпарат қандай да бір тәсілмен трейдерге қол жетімді болған жағдайда, ол ақпаратты үшінші жақтарға таратудың және/немесе жеткізуден тартынуы керек.

V бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Биржа осы Ережелерде белгілеген нормаларды бұзған трейдердің есімін өзге трейдерлерге де, сауда-саттық қатысушыларына да жариялауға құқылы.
2. Биржа Президентінің, сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін Биржа Вице-президентінің немесе бағам маклерінің шешімі бойынша, осы Ережеде белгіленген нормаларды бұзу трейдерді сауда-саттықтан уақытша немесе толық шеттетуге сөзсіз негізі болып табылады.

Сауда-саттық қатысушысы Биржалық кеңесте бұл шешімге шағым жасай алады. Шешімге шағымдану, оның күшін тоқтатпайды.

3. Трейдердің осы Ережелерде бегіленген, салдары нарықтық жағдайдың елеулі бұрмаланып кетуіне әкеліп соқтырған норма бұзушылығы, Биржалық кеңестің шешімі бойынша мұндай трейдермен өкілденген сауда-саттық қатысушының Биржадағы мүшелігін уақытша тоқтату немесе тоқтатуға сөзсіз негіз болып табылады.

Президент

Д.Б.Қарасаев